

Таптық принциптерді емес, тұтастық идеяларын, төңкеріс жолын емес, реформа жолын таңдап алған Алашорда үкіметі Совет үкіметі мен большевиктер идеяларын қабылдамады. Алайда, адам факторын екінші қатарға қойып, біржақты революциялық идея жолын таңдаған большевиктерге алашордалықтардың мұндай саясаты түсініксіз еді.

Алғашқы кезеңде Ресей Думасына қатысып, саяси тәжірибе жинақтаған қазақ зиялылары негізінен, қазақ қауымы үшін өмірлік маңызды үш мәселеге көңіл аударады. Ол «автономиялық тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» (А.Байтұрсынов, М.Дулатов) немесе «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасы құрамындағы қазақтың ұлттық территориялық автономиясы болу» (Ә.Бөкейханов), екіншіден, халық меншігіндегі жерді жеке меншікке бермеу (бұл тұрғыда Ә.Бөкейханов «біздің қазақ жерді меншік қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді» деп үзілді-кесілді қарсы болған) және дінді мемлекеттен бөлу (себебі, «молда хукіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ-асты болмақ. Жалование алған молдалар хукіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады») деген [2, 110 б].

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені, Алаш-халқымыздың бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау қаракеті. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі. Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Тұңғыш Президент Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында тоқталып кетеді: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қоғам қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» [3, 204 б]. Алаш қайраткерлері қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көптен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті, сол жолда күресті.

Әлихан Бөкейхан Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құру идеясы қазақтың ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, халықтың сана-сезімін оята жүріп, бодандық құрсауын бұзып шығуға болатынын көрсетті. Жемісін Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті көрді. Бүгінгі билік сол идеяны мойындамаса да, Әлиханды ұлт көсемі ретінде тани алмаса да, Алаш көсемінің құрған мемлекетінде өмір сүріп отыр. Ұлы «Орыс идеясы» іспетті ұлттың саналық рухани болмысын анықтайтын «Алаш идеясы» қазақ топырағында қалыптасты. Өркенін жайды. Ұлттық идея негізінен XX ғасырдың басында әлемдегі, Ресейдегі геосаяси жағдайдың өзгеруімен жүзеге асқанымен, оның әлеуметтік, саяси, рухани тамыры ғасырлар тереңінен бастау алғанын ұмытпаған абзал [4].

Осылайша, «Алаш» қозғалысы ұсынған дәстүрлі дүниетаным мен жаңғырту қағидаттарының синтезі жаһандық өзгерістер жағдайында қазақ халқының өзіндік ерекшелігін сақтауға бағытталған стратегияға айналды. Бұл тәсіл мәдени ассимиляция мен әлеуметтік сын-қатерлерге қарсы тұруға ғана мүмкіндік беріп қоймай, Қазақстанның қазіргі заманғы және өзіндік мемлекет ретінде одан әрі дамуына негіз қалады. «Алаш» мұрасы өткені мен бүгінгі үйлесімді біріктіру табысты болашақтың кілті болып табылатынын еске салады. Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстанымдардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында: ғылыми басылым / Н. Ә. Назарбаев. - Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.
4. Алаш идеясы – ұлттық бірігу концепциясы [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://e-history.kz/kz/news/show/3485>

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ ЖӘНЕ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

Сакенов С.Е., Мұхамедуали А.С.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы, Еришева Т.А.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

tolkyn_08.03.1987@mail.ru

Қостанай қ.

Жер мәселесі уақыт шеңберіне тәуелсіз, қашанда өзекті мәселе болып қала береді. Қазіргі таңда да жер дауларына байланысты қақтығыстар барлық әлемде орын алуда. Қазақ жерінің мәселесіне тоқталатын болсақ, жеріміздің тарихы тереңде жатыр. Жер тағдыры бір ғана тұлғаны емес, күллі ұлтты, мемлекетті алаңдататын тақырып. Қазақ тарихының барлық проблемаларының негізі ол - жер мәселесі болатын. Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғалардың көбісі осы жер дауынан туындаған. Осы мәселені мақаламызға арқау болып жатқан Телжан Шонанұлы XX ғасырдың басында-ақ айтып кеткен, отарлық саясаттың басталуы мен оның кейіннен тигізген зардабы қазақ халқы үшін ұшан теңіз. «Қазақ жеріне отаршылдардың ұстаған саясаты – қазақ тұрмысын көп өзгеріске ұшыратты» [1, 23 б.].

Мақаланың мақсаты: Телжан Шонанұлының жер мәселесіне қатысты еңбектерін тарихи тұрғыда зерттеп, оның Қазақстан жерін қорғау және жер саясатына қосқан үлесін анықтау. Сонымен қатар, оның еңбектерінің қазіргі замандағы маңыздылығын ашып көрсету.

Міндетері: 1. Телжан Шонанұлының жер мәселесі жөніндегі көзқарастарын талдау.

2. Жер мәселесі төңірегіндегі тарихи құжаттарды, естеліктерді және өзге зерттеулерді салыстыру арқылы толыққанды зерттеу жүргізу. 3. Оның көзқарастарының заманауи жер саясаты мен құқықтық мәселелерге ықпалын бағалау.

Телжан Шонанұлының - қазақтың көрнекті ағартушысы, ғалым, педагог және саяси қайраткер. Ол Қазақстандағы жер мәселесін талдау барысында қазақ халқының экономикалық, мәдени, және құқықтық тұрғыдан мүдделерін қорғауға ерекше мән берген. Оның бұл саладағы көзқарастары мен еңбектері сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен отаршылдық саясатқа қарсы күрес идеяларына негізделген.

Анна Иоановна Кирилловқа берген тапсырмасында: «Қазақ жерінен алтын-күміс табуға тырысу керек. Соның үшін әуелі керуендерден қалдырмай инженерлер жіберілсін. Табылған алтынды заңға сыйғызып алам деп әуреленбей, саудагер ретінде пайдаланындар» - дейді [1, 50 б.]. Осы сөздің өзі қазақ жерінің экономикалық тұрғыдан өте пайдалы екенін, капитал мен ақша байлықтардың барлығы Орталық Азияда, яғни қазақ жерінде жатқанын Ресей империясы XVIII ғасырда-ақ білді.

Ал XX ғасыр қазақтар өмірі тіпті қиын, олар I - Дума депутаттарына, Мұсылман фракциясына, Сібір депутаттарына шыққан. Сонда Қазақтардың жер жағдайы, тұрмысы өте нашар болғанын түсінуге мына сөз жеткілікті: «Байқасақ біздің қазаққа заманқыр болды білем, қиямет-қайым таянды білем» [1, 54 б.]. Осы кезде Ертіс бойындағы Қазақ жерлері арендаға (жалға) беріліп отырған болатын, бұл туралы Щербина экспедициясында баяндалады, алғашында арендаға 100 қарадан бір қара, 100 қойдан бір қой алған. Кейін мал ақшаға ауысқан соң қазақтарға қиын тие бастаған [1, 69 б.].

Бұған тағы бір дәлел ретінде Телжан Шонанұлы Бөкей Ордасы туралы баяндай келе мынандай дерек келтіреді: «1901 жылы казак-орыстар жерімізді арендаға да бермейміз деп қаулы шығарды. Қазақты қуып шығатын болған соң қазақ атты қазаққа жалданып жұмыс істеп, малына орыс таңбаларын басты» [1, 97 б.] - дейді. Жерінен айрылған жұртқа мәдениет қайдан барсын? Жер, жермен ұштасып мәдениетте қалыптаспайды ма? Әрине, Қазақ мәдениеттен жұрдай болды деп айта алмаймыз, бірақ қазақ жерге жалданып жұмыс жасаса балалары қалай білім қуады, қазаққа қалай қызмет қылмақ?

Ал қазақ мұжықтан жерді қалай қорғау керек? Қазақ жерін мұжыққа тартып алып берсе, қазақ жерден айрылмақшы Жерден айрылса, сіңірі шыққан қу кедей болмақшы. Осындай қу кедей болуды ғылым тілінде «пауперизация» дейді. Бұрын атты қазаққа жер талағанда, қазақты үкімет орыстың сауда капиталына жем қылса, енді өндіріс капиталына жем қылуға айналды [1, 129 б.].

Телжан Шонанұлы қазақтың отырықшы болуын, яғни аграрлық саясатқа оң көзбен қарады. «Қазақтың егін салып, отырықшы бола бастауы қоныс тарылуы, онан жұттарға ұшырау, жұттан шаруа күйзелу. Бұл барып үкімет саясатына айқасып, бәрінің қорытуынан шыққан деп түсінуіміз керек. Егіншілік - кәсіптің бір түрі. Мұның өзіне лайықты табиғаттың жағдайы керек» [1, 135 б.].

Осы еңбекте қазақ жерінің топырағының қандай құнарлы екенін зерттеу нәтижелерін келтіреді. Жалпы қазақ жерін зерттеушілер оның топырағына, шөбіне қарай 3 белдеуге бөледі. 1 - топырақ қара топырақты, қара топыраққа жуық қара қоңыр түсті топырақты жерлер. 2 - топырақ май топырақты, боз тұмақ, 3 - қатқыл [1, 135 б.]. Бұл топырақтар ең әуелгісі егінге жарайтын жерлер, келесі топырақ тары салуға, мал өсіруге келеді, ал соңғы үшінші топырақта сорлар мен қалың құмдар көп деп мәлімет береді. Бірақ осы орыс мұжықтарының келуі отырықшы егіншілікпен айналысуға кедергі жасап жер проблемасын айтады. Бұл туралы: «Жұтаған көшпелілер отырып, егін салуға жарарлық жер жоқ» [1, 138 б.]. Бірдей жерге қазақтар мен орыстар еккен егістіктен әртүрлі өнім алынады. Мәселе жерде емес егіннің қалай егілуінде. Қазақтармен қатар еккен орыс егіндері көбінесе қазақ егіндерінен жақсы шығады. Бұл жерде мәселе егіннің егілу шарттарының ресейліктердің жақсырақ білуінде.

Бұл мәселені Кауфманда көтерген болатын. Ел шаруасының кеңсесінде, 1905 жылы Ертіс бойында, Алтай округінде 92 мың мүлде жерсіз қазақ ақшаға жер жалдап, амалдап жүр [1, 156 б.].

Бірақ осы тұста патша былай деп баяндайды: «Қазақ жері егіске жарамайды, тек мал бағуға жаратылған дегенді шығарды. Көшіп мал бағатындардың жайлаулық қоныстарын егінші қазақтарға бірте-бірте алып беруге айналды. Енді жайлауға көшпелі мен қырдан ауған шала отырықшы қазақтар таласқа кіріседі [1, 193 б.]. Қазақ арасы берекесіздікке айналды бұл мәселесі қолға алынбаса болмайды делінген. Осы туралы жерге талас, жерге таласып адам өлімі болғанын «Қазақ» газетінде талай жазылып жүрді.

Жерді тартып алу қазақ арасындағы үлкен мәселеге айналды. Отырықшылардың ірілері тек көшпелілерді олжалағанымен місе тұтпай, өз арасындағы кедейлерге де жер жайында шарпуын тигізді. Елдің сыртынан «Степное положение»-сінің 126 бабына сүйеніп, жер жалдап ақшасын олжалайтын сол жуандар болатын. Телжан Шонанұлы осы сөздерінің елде паракорлық, қызметін асыра пайдалану секілді халықаралық проблемаларды көтерді. Қазақтың осы XIX ғасырдағы проблемасының бірі осы екенін айқындайды.

Былай өз бетінше орналасу халықтың көпшілігінің пайдасы емес, тек азының пайдасы. Байлар аренда ақыға қызығып жерді арендаға береді. Және көбінесе «артық» жері жоқ болыстарға жер арендаға береді [1, 195 б.]. Сөзімізге дәлел болсын сол кездегі Торғай облысындағы (қазіргі Қостанай облысы) Меңдіқара болысында Гребенкино деген жер 600 поселке, тағы 27 үй бар 6 поселке арендаға жер алып орнаған. «Артық» жері жоқ [1, 195 б.].

Отаршылдардың ойынша, Арқадағы егін салаларлық, пішен шабарлық жайлауларына көшпелілерді жолатпау керек [1, 198 б.]. Көшпелілер келсе алдымен пішен шабады, онан соң егін сала бастайды деп қауіптенген. Бір сөзбен айтқанда отаршылдардың көзқарасы бойынша көшпелілер шөлейтті егін сала алмайтын жерде жүре берсін, егін салатын жерде болса онда отаршыл қазақтарға жер беруге кесел болады деп қауіптенген.

Жалпы переселен мұжықтары қазақтардың өздерінен де қорыққаны дәлел. Бұл туралы былай дейді. 1907 жылғы переселен съезінде жер кесуші отаршылдар қазақтан қорқамыз, өлтіріп тастайды, егер жер ал десендер бізге кепілдік беріндер жазатайым оқиға болса онда қатын-баламызды, асырап сақтайтын болындар және бізге қарауыл беріндер деп талап қойған болатын үкіметке.

Үкіметтің отаршылдарының саясатынан салдарынан ақырында көшпелілер жайлаусыз қалған. Бетбақтың құс ұшпас даласы сыбағасына емін-еркін тиген. Жайлауы бірте-бірте отарға және жерсіздігінен отырықшы қазақтарға кеткен көшпелілер оңтүстікті жайлай алмай, қырдағы жайлауына енді «шөпауыз» беріп жайлайтын болды [1, 198 б.].

Патшалық Ресейдің қазақ жерін тартып алу саясатына қарсы болған Т. 8тШонанұлы бұл әрекеттерді экономикалық отаршылдық деп санаған. Ол қазақ жерін жаппай отырықшы қоныстарға беру қазақ халқының табиғи шаруашылығына нұқсан келтіріп, елдің әл-ауқатын төмендететінін алға тартқан. Телжан Шонанұлы Ресейдің отарлық саясатының қалай жүргізілгенін айтқан. Қазақ жерін отарлау екі түрде жүзеге асқан. Бірі – орыс жұртының өз бетінше отарлауы, екіншісі – ресми отарлауы, яғни мемлекеттің арқауымен жүрген отарлау жүйесі.

Телжан Шонанұлы отарлау саясатын екі дәуірге бөліп қарастырған. Біріншісі, орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80–жылдарының басына дейін. Бұл дәуірді атты казактардың, әскери кісілердің пайдасына жер алу дәуірі деп атап кеткен болатын. Екіншісі, 80–ші жылдардың аяғынан, 90–жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі [2, 12-13 б.].

«Қазақ енді бірыңғай, іргесі тұтас қалпында, бұл күйінде тұра алмайды. Егін шығатын жерге егіншілер келіп орнап жатыр, мал бағатын жерге мал өсірушілерді алып келіп орнатпақшы, балығы бар жерге балықшылар қондырмақшы. Қысқасы, о жолмен, бұ жолмен болсын қазақ арасына бөтен жұрттар кірейін деп тұр» [3, 31 б.].

Жер мәселесі – қазақ тарихындағы ең өзекті және күрделі тақырыптардың бірі. Телжан Шонанұлы бұл мәселені терең зерттеп, өз көзқарастарын ғылыми тұрғыдан негіздеген. Оның жерге қатысты идеяларын түсіну үшін сол кезеңдегі тарихи құжаттарды, естеліктерді және басқа зерттеушілердің еңбектерін салыстыру маңызды.

1868 жылғы Уақытша ереже қазақ жерін Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жариялап, қазақтардың жерді пайдалану құқығын шектеді. Жер мәселесін ушықтырған бұл ереже Телжан Шонанұлының көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті. Т. Шонанұлы бұл құжаттың әділетсіздігін атап өтіп, оның қазақ шаруашылығына теріс әсерін көрсеткен.

Столыпин реформа барысында қазақтардың шұрайлы жерлері тартып алынып, қоныс аударушыларға берілді. Шонанұлының зерттеулерінде осы кезең қазақ шаруаларының ең ауыр зардап шеккен уақыты ретінде суреттеледі. Бұл құжаттар Т. Шонанұлының қазақтардың жерге меншік құқығын қорғау қажеттілігін айқындауына негіз болды.

Кенес үкіметі жерді ұжымдастыру саясатын енгізді. Телжан Шонанұлы ұжымдастырудың қазақ халқы үшін экономикалық және мәдени зардаптары туралы сындарлы пікірлер айтқан. Ол бұл саясаттың ұлттық мүддеге қайшы екенін ескерткен.

Егер Телжан Шонанұлының жерге қатысты пікірлерін басқа да Алаштың зиялыларының көзқарастарымен салыстырар болсақ. Ахмет Байтұрсынұлы жер қазақ халқының ұлттық тұтастығының негізі деп есептеді. «Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі» екенін өз мақаласында жазып кеткен болатын. А. Байтұрсынұлының бұл пікірі Т. Шонанұлының ұстанымдарымен үндес келеді [4, 228 б.].

Әлихан Бөкейхан жер мәселесін тек ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырып, қазақ жерінің отаршылдарға берілуіне үзілді-кесілді қарсы болды. Т. Шонанұлы мен Ә. Бөкейхан жер реформасының әділетті болуы керектігін бірдей қолдады.

Отаршылдар саясатының қазақ шаруасының өзгеріліп келе жатқан бағытына жалпы тигізген әсері егіншілікке айналуы кешендету болды, иәки тіпті өмірінше егін салмастай қылу болды. Үкіметтің, отаршылдардың осы саясатының салдарынан ақырында көшпелілер жайлаусыз қалған. Бетбақтың құс ұшпас

даласы сыбағасына емін-еркін тиген. Осындай жұтап тараған көшпелілер отырықшылар арасына кіріп, жерсіз, егінсіз, қайыршының күнін көріп, малайлыққа жалданады. Жер мәселесі қазақ халқы үшін тек экономикалық ресурс емес, сонымен бірге ұлттық болмыстың, мәдениет пен мемлекеттің негізі екенін Телжан Шонанұлы өз еңбектерінде нақты түсіндірген. Телжан Шонанұлының жер мәселесіне қатысты көзқарастары қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау жолындағы маңызды қадам болды. Оның еңбектері сол кезеңдегі отаршылдық саясаттың әділетсіздігін әшкерелеп, жердің қазақ халқы үшін тек экономикалық ресурс емес, ұлттық болмыстың негізі екенін көрсетеді. Қорытындылай келе, Телжан Шонанұлының жер мәселесіне қатысты көзқарастарының тарихи және заманауи маңыздылығы зор. Оның идеялары тек өткен кезеңнің тәжірибесі ретінде емес, қазіргі жер саясаты мен құқықтық жүйені жетілдіру жолында негіз бола алады. Осы арқылы ұлттық мүдделерді қорғау мен мемлекеттің болашақ дамуында тарихи сабақтастықты сақтау қамтамасыз етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар). – Алматы: «Ел шежіре», 2011. – 368 б.
2. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. 2-басылуы (Көмекші оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1995. – 224 бет.
3. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. - 400 бет.
4. Ақ жол : өлеңдер мен тәржімелер, публистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / А. Байтұрсынов. құраст., алғы сөзін жазған Р. Нұрғалиев. – Алматы : Жалын, 1991. – 460 бет.

1986-ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Кеңес Л.Т

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
keneslaila@gmail.com
Қарағанды қ.

Қазақстан жастары 1986 жылы желтоқсан айында Алматыда және еліміздің басқа да қалаларында Орталық үкіметтің бұйрығына қарсы шыққанына 40-жылға жуық уақыт өткен екен. Желтоқсан оқиғасы атанған бұл оқиғаға әлі де қоғамда, тарих ғылымы деңгейінде объективті баға берілген жоқ деп білемін. Бұл қойылымдардың шынайы ұйымдастырушылары мен жетекшілері көлеңкеде қалып, қатысушылардың, оның ішінде қазақ емес ұлт өкілдерінің уәждері толық зерттелмеген көрінеді. Алайда, зерттеудегі осындай кемшіліктерге қарамастан, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы Қазақстанның ұлт-азаттық күресінің қалыптасуында шешуші рөл атқарып, халықтың тәуелсіздікке ұмтылуына ұйытқы болды. Қазіргі уақытта Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының тоталиарлық билік жағдайында өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға деген қарсылығы мен ұмтылысының символына айналғаны белгілі.

Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының бастауы маңызды тарихи оқиғалармен байланысты, олардың ішінде 1985 жылы наурызда М.С.Горбачевтың Кеңес Одағына билікке келгендігін айта аламыз. Одақтас республикалардың барлық өзекті мәселелері Кремльдің, саяси бюросының, тікелей бас хатшының қолында болды. Бұл әміршілдік-әкімшілік жүйенің әбден орныққанын көрсетеді. Ең өзекті мәселе кадр мәселесі және бұл жағдайда жергілікті халықтың дәстүрі, тарихы, ой-пікірі мүлде ескерілмеді. Соның бір айғағы, Қазақстанның партия ұйымының бірінші хатшысын тағайындауы еді.

Қазақтың белгілі жазушысы, ақыны О.Сүлейменов сол күндердің жай-жапсарын айтып, 1986 жылы 11 желтоқсанда КОКП ОК Саяси бюросының отырысы өтіп, онда Д.А.Қонаевтың денсаулығына байланысты отставкаға кетуі туралы мәселе қаралғанын айтады. Бұл жиында Әзірбайжан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.Әлиевтің қарсылығына қарамастан, бұған дейін КОКП Ульяновск облыстық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Г.В.Колбиннің кандидатурасы ұсынылды [1,319 б.]. Алайда, Г.Әлиевтің нақты дәлелдерін М.С.Горбачев ескерген жоқ.

Көп ұзамай КОКП ОК Орталық Комитетінің кезектен тыс Пленумы болып, онда 18 минуттан кейін Д.А.Қонаевты қызметінен босату және оның орнына Г.В.Колбинді тағайындау туралы шешім қабылданғандығы мәлім, алайда ол Қазақстан халқына іс жүзінде беймәлім болған еді.

Желтоқсан оқиғасы Қазақстан халқының ұлттық санасының оянуына, өзіндік идентификациясының қалыптасуына және тәуелсіздікке деген ұмтылысын нығайтуға маңызды ықпал етті. Оқиғаның мәні тек саяси талаптармен шектелмей, әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікке деген ұмтылыстың көрінісін көрсетеді. Тұтқындаулар мен қысымдарға қарамастан, бұл оқиға қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күреске жаңа серпін берді.